

**"Кемелермен тасымалдауға арналған қауіпті жүктердің тізбесін бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 27
ақпандағы № 147 бұйрығына толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 28 қазандағы № 806 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 15 қарашада № 19601 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Кемелермен тасымалдауға арналған қауіпті жүктердің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 27 ақпандағы № 147 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17025 болып тіркелген, 2018 жылғы 19 маусымда Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Кемелермен тасымалдауға арналған қауіпті жүктердің тізбесі мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 2298, 2299, 2300, 2301, 2302, 2303, 2304, 2305, 2306, 2307, 2308, 2309, 2310, 2311, 2312, 2313, 2314, 2315, 2316, 2317, 2318, 2319, 2320, 2321, 2322, 2323, 2324, 2325, 2326, 2327, 2328, 2329, 2330, 2331, 2332, 2333, 2334, 2335, 2336, 2337, 2338 және 2339 - жолдармен толықтырылсын:

"

2298	Уран гексафториді, радиоактивті материал, бір қаптамаға кемінде 0,1 килограмм, босаған қаптама, бөлінбейтін немесе бөлінетін - босаған	3507	6.1
2299	Ассиметриялық конденсатор (энергия сыйымдылығы 0,3 вт.с. астам)	3508	9
2300	Тазартылмаған, бос, жарамсыз ыдыс	3509	9
2301	Тұтанатын адсорбцияланған газ, н.к.	3510	2.1
2302	Адсорбцияланған газ, н.к.	3511	2.2
2303	Адсорбцияланған газ, уытты, н.к.	3512	2.3
2304	Тотықтыратын адсорбцияланған газ, н.к.	3513	2.2
2305	Уытты, тұтанғыш, адсорбцияланған газ, н.к.	3514	2.3
2306	Уытты, тотықтырғыш, адсорбцияланған газ, н.к.	3515	2.3
2307	Уытты, коррозиялық/күйдіргіш, адсорбцияланған газ, н.к.	3516	2.3
2308	Уытты, тұтанғыш, коррозиялық / күйдіргіш, адсорбцияланған газ, н.к.	3517	2.3
2309	Уытты, тотықтырғыш, коррозиялық / күйдіргіш, адсорбцияланған газ, н.к.	3518	2.3
2310	Адсорбцияланған трифторид борасы	3519	2.3
2311	Адсорбцияланған хлор	3520	2.3
2312	Адсорбцияланған тетрафторид кремнийі	3521	2.3
2313	Адсорбцияланған арсин	3522	2.3
2314	Адсорбцияланған герман	3523	2.3

2315	Адсорбцияланған пентафторид фосфоры	3524	2.3
2316	Адсорбцияланған фосфин	3525	2.3
2317	Адсорбцияланған селенид сутегі	3526	2.3
2318	Полиэфирлі шайыр жиынтығы, қатты негізгі зат	3527	4.1
2319	Тұтанғыш сұйықтықта жұмыс істейтін іштен жану қозғалтқышы немесе құрамында тұтанғыш сұйықтық бар отын элементтерінде жұмыс істейтін қозғалтқыш немесе тұтанғыш сұйықтықта жұмыс істейтін іштен жану қозғалтқышы бар механикалық жабдық немесе құрамында тұтанғыш сұйықтық бар отын элементтерінде жұмыс істейтін механикалық жабдық	3528	3
2320	Тұтанғыш газбен жұмыс істейтін іштен жану қозғалтқышы немесе тұтанғыш газы бар отын элементтерінде жұмыс істейтін қозғалтқыш немесе тұтанғыш газбен жұмыс істейтін іштен жану қозғалтқышы бар механикалық жабдық немесе құрамында тұтанғыш газ бар отын элементтерінде жұмыс істейтін механикалық жабдық	3529	2.1
2321	Іштен жану қозғалтқышы немесе іштен жану қозғалтқышы бар механикалық жабдық	3530	9
2322	Қатты, тұрақтандырылған, полимерленетін зат, н.к.	3531	4.1
2323	Сұйық, тұрақтандырылған, полимерленетін зат, н.к.	3532	4.1
2324	Температурасы реттелетін қатты полимерленетін зат	3533	4.1
2325	Температурасы реттелетін сұйық полимерленетін зат	3534	4.1
2326	Тұтанатын, бейорганикалық уытты қатты зат, н.к.	3535	6.1
2327	Жүк тасымалдау бірлігінде орнатылған литий батареялары, литий-ионды немесе литий-металл батареялары	3536	9
2328	Құрамында тұтанғыш газ бар бұйымдар, н.к.	3537	2.1
2329	Құрамында тұтанбайтын улы емес газ бар бұйымдар, н.к.	3538	2.2
2330	Құрамында уытты газ бар бұйымдар, н.к.	3539	2.3
2331	Тұтанғыш сұйықтығы бар бұйымдар, н.к.	3540	3
2332	Тұтанатын қатты зат бар бұйымдар, н.к.	3541	4.1
2333	Өздігінен тұтануға бейім зат бар бұйымдар, н.к.	3542	4.2
2334	Сумен жанасқан кезде тұтанғыш газ бөлетін зат бар бұйымдар, н.к.	3543	4.3
2335	Құрамында тотықтыратын зат бар бұйымдар, н.к.	3544	5.1
2336	Органикалық пероксиді бар бұйымдар, н.к.	3545	5.2
2337	Құрамында уытты зат бар бұйымдар, н.к.	3546	6.1
2338	Құрамында коррозиялық / күйдіргіш заттар бар бұйымдар, н.к.	3547	8
2339	Әртүрлі қауіпті жүктер бар бұйымдар, н.к.	3548	9

..

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Көлік комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Б. Атамкулов

"СОГЛАСОВАНО"

Министерство внутренних дел
Республики Казахстан

"СОГЛАСОВАНО"

Министерство обороны
Республики Казахстан

"СОГЛАСОВАНО"

Министерство экологии, геологии
и природных ресурсов
Республики Казахстан

"СОГЛАСОВАНО"

Министерство энергетики
Республики Казахстан